

### Әдебиеттер тізімі

1. Al-Attas, S. M. N. (1985). *Islam and Secularism*. Kuala Lumpur: International Institute of Islamic Thought and Civilization (ISTAC).  
— Исламдық дүниетаным мен құндылықтардың негізін философиялық тұрғыда түсіндіреді.
2. Nasr, S. H. (2002). *The Heart of Islam: Enduring Values for Humanity*. New York: HarperCollins. — Исламдағы әділдік, мейірім, адамгершілік және руханият ұғымдарын талдайды.
3. Al-Ghazali, A. H. (2013). *The Alchemy of Happiness (Kimiya-yi Sa'adat)*. Translated by Claud Field. London: Islamic Texts Society. — Өмірдің мәні мен рухани кемелдік туралы классикалық исламдық еңбектердің бірі.
4. Құран Кәрім (ауд. Халифа Алтай). (2012). Алматы: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. — Ислам құндылықтарының басты қайнар көзі.
5. Saruhan, S. (n.d.). Human value in Islamic thought. *IJUM Journal of Religion and Civilisational Studies*. <https://doi.org/10.31436/ijrcs.v3i2.161> [journals.iium.edu.my](http://journals.iium.edu.my) (Қаралған күн: 25.02.26)
6. Hasan, M. M., & Islam, S. (2024). The meaning of life inside our evolutionary human brain: The clash of understanding in Allahless universe between the scientific worldview and the Islamic worldview. *International Journal of Modern Developments in Engineering and Science*, 3(2), 1–7. <https://doi.org/10.5281/zenodo.12635696> [journal.ijmdes.co](http://journal.ijmdes.co) (Қаралған күн: 23.02.26)
7. Ершат Оңғаров. (2014). Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары [Kazakh culture and Islamic values]. Алматы: Баспалар үйі. Retrieved from <https://www.zharar.com/kz/word/41381-azamdenieti-zhne-islam-ndylytary.html> (Қаралған күн: 24.02.26)
8. Religiosity and Values in Contemporary Kazakhstan. *Frontiers in Sociology*. 2025. URL: <https://www.frontiersin.org/journals/sociology/articles/10.3389/fsoc.2025.1609030/full> (Қаралған күн: 20.02.26)
9. Values Navigating to Kazakhstan's Future. Kazakhstan Institute for Strategic Studies (KISI), 2023. URL: <https://kisi.kz/en/values-navigating-to-kazakhstan-s-future/> (Қаралған күн: 25.02.26)
10. Religious Values in the Conditions of Transformation of Consciousness in the Kazakhstan Society. *Tadqiqot.uz*, 2022. URL: <https://tadqiqot.uz/index.php/philosophy/article/view/5215> (Қаралған күн: 25.01.26)

ӘОЖ: 1(574)(091):17

### ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ «ЖОЛ» АДАМНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ ТАҢДАУЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ РЕТІНДЕ

Аннамасова Ы.Ж.

философия және мәдениет теориясы кафедрасының докторанты, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан  
e-mail: [Ulussy@mail.ru](mailto:Ulussy@mail.ru)

Дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы «жол» ұғымы ол адам тағдырындағы өмірлік бағдары ғана емес, тіршіліктің онтологиялық мәнін ашатын, адамның дүниедегі орнын, сонымен бірге моральдық жауапкершілігін білдіретін көпқырлы категория ретінде қарастырылады. Бұл мақалада «жол» – онтологиялық (болмысқа қатысты) және этикалық (құндылыққа қатысты) өлшемдердің тоғысқан нүктесі ретінде зерттеліп қаралады. Ол адам мен ғалам, тұлға мен қоғам, еркіндік пен міндеттелген парыз арасындағы сабақтастықты ашып беретін ой арқылы ашылып дәстүрлі дүниетаным түсінігінде «жол» концептісі тұлғаның: рухани тұтастығын, тарихи жадын, құндылықтық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беретін қырларын көрсеттеді.

«Жол» ұғымының онтологиялық мәніне келетін болсақ, космологиялық өлшемнің негізінде болмыс пен тәртіптің арақатынасын ашып береді. Көшпелі дүниетанымда әлем хаустық емес, үйлесімді құрылым ретінде қабылданған. Табиғат тіршілігінің заңдылығы, уақыттың өтпелілігі, ата-баба дәстүрі – бәрі де анықталған, алдын ала берілген «жолмен» өлшенеді. «Ата жолы», «салт жолы» ұғымдары болмыстың реттілігін білдіреді. Бұл тұрғыда «жол» – ғаламның тәртібімен үйлесімде өмір сүруін анықтайды. Адам өз тіршілік мәнін табиғи және рухани заңдылықтарға сәйкестіре отырып гармонияға жетеді.

Адамның дүниедегі орнын анықтау онтологиялық «жол» болса керек. Адамның мәнін өзіндік ғарыш әлемі арқылы түсіну қажет. Ал дүниенің маңыздылығын ашу мәселесіне келсек, өзінен кейінгі

әлемді ұғынатын әрекетін ашамыз. Адамды алдымен өзіндегі болмысынан сосын өзінен тыс болмысынан, және өзіне қайта келетін болмысын тану диалектикасын ашуымыз керек сияқты. Философ ойшыл Колумбаев өзінің Антроподицея еңбегінде былай қарайды «Әлемнің болмысына адамның болмысы ұсынылады. Енді квазисубъектілікте протосубъектілік, субъект-«субъект» өрістей бастайды. Және сол жерде Мен – Басқа, өзін қоса алғанда, бірегей-әмбебап адамзаттың трансценденталдылығының жақшасындағы сыртқы әлемді тануға арналған, рулық субстанция ретінде ме? Шын мәнінде, шығармашылық танудан өзіне оралудан басталады. Және ол антроподицеядағы тірек болып табылады. Сырттай, шығармашылықтағы рухани-жандық болмыс физикалық болмыссыздыққа тең, бірақ онда санасыз-сана астында әмбебап болмыс ретінде бекітіледі (жүргізіледі), адамдағы адамзат бойынша бірегейліктегі универсумнан ажырамас, оның табиғи бастауы ретінде қайталаынады. Сондай-ақ, субъектілік пен субстанциалдық, жекелік пен тотальдылықтың барлық туыстас дихотомиялары қайталанып, тавтологиялық түрде көрінеді. Демек, адам да өзін ақтауда әмбебап тіршілік иесі. Ол ғаламға көп те емес, аз да емес, бірақ қоғамнан босанып, өзін адамзат бойынша ғарыштық тіршілік иесі ретінде ашады. Тавтология табиғи және ол адам жанын мәңгілікпен үздіксіз байланыста көрсетеді. Және тавтология шығармашылықтың салыстырмалы емес, абсолютті ақиқатын қамтиды. Дәлелдер мен аргументтерсіз, бірақ демонстрация мен манифестацияда. Сезімнен тыс ұсыныста, бар әлемді, яғни бұл әлемнен емес, қайдан келгенін, бірақ әр жолы адамзат бойынша рулық-екінші универсумнан бірегейлікте өзіне алғаш рет оралу ретінде қайтадан табылған әлемді ақылмен танудың арғы жағында. Бұл оралу туылу ретінде көрсетіледі (көрінеді). Ол өзін-өзі растау немесе өзін-өзі тану емес, осы әлемнің субъектілер арасындағы болмысын табу. Бұл болмыс интерсубъектілікте табиғи түрде болады, бірегейлікте әмбебап делдалдық етеді, яғни адам қоғамда өзін бойлай және көлденең кесіп өтеді» [1, 136] -деп көрсету адамзат баласын ғарыштық тіршілік иесі екенінін дәлелдеп бергендей.

Адам мәселесіндегі оның мәні, өмір мағынасы, оған арналған (табиғатта, елден, жаратушыдан) тапсырмалық, алдымен адамның өзін кім екенін танып ұғынуынан бастау алғанын ашу маңызды.

Ортағасырлық түркі дүниетанымында да бұл ойдың мәнін ашқан әл-Фараби болмысты баспалдақты құрылым ретінде анықтап, адамды ақыл иесі әрі моральдық тіршілік иесі деп көрсетеді. Оның «Қайырымды қала» концепциясында адам бақытқа жету үшін парасат пен ізгілік жолын таңдауы керек. Бұл тұста онтология (адамның болмыстық табиғаты) мен этика (ізгілікке ұмтылыс) ажырамас бірлікте екенін анықталып отыр.

Қазақ дүниетанымының кемеңгер ойшылы Абай адам болмысының рухани кемелденуін өз философиялық концепциясында – «толық адам» тұжырымындағы ғылым, рахым, ғаділет адамды толық қанды қалыптастыратын бойындағы құндылығы деп талдайды. Ғылым ол адам санасын ақылын ойын жетілдіру арқылы, рақымшылық жаратушыдан қалыптасатын сабырлығы, мейірімділігі болса, ғаділет адамның моральды аксиологиялық құндылықтары арқылы адамды толық жетілгендігін көздейді. Абай үшін адамның онтологиялық болмысы тек биологиялық тіршілік емес, рухани жетілу үдерісі. «Жол» – осы жетілуді дамытатын динамика. Абайдың «ақыл, қайрат, жүрек» туралы ілімі онтологиялық-этикалық тұтастықты байқауға болады. Ақыл – болмысты тану қабілеті (гносеологиялық өлшем), жүрек – моральдық онтологиялық орталық, қайрат – таңдау мен әрекет (праксиологиялық өлшем) Демек, жол – адамның ішкі құрылымының үйлесімді іске асуы. Абай 38-қара сөзінде «иманды «ғақлиялық» (ақылмен танылған) деңгейде» - деп түсіндіреді. [3, 736]

Демек, рухани кемелдену – соқыр сенім емес, саналы моральдық таңдау. Онтологиялық тұрғыда толық адам өзін өзі жетілдірген тіршіліктің иесі. Ал этикалық тұрғыда қоғамға игілік әкелетін жауапты тұлға болып қалыптасады. Абайдың философиялық көзқарастарына сүйенетін болсақ «жол» – адамның рухани кемелдену траекториясы, ал жауапкершілік – сол «жолдың» мазмұнын айқындайтын негізгі қағидасы, адамның моральдық таңдауы мен жауапкершілігі адамгершіліктің «жолын» көрсетіп отыр.

Адамның мораль тіршілік иесі екенін немістің классикалық ойшылы И.Канттың «Бәрінің не бағасы не құндылығы бар, егер бағасы болса бірдеңені айырбас ретінде қоя аламыз, ал бағадан жоғары және өзгермейтін болса ол құндылыққа ие. Мораль кез- келген бағадан жоғары және тыс. Мораль мен оған шама-шарқынша қабілетті адамзат қана құндылыққа ие. Шеберлік пен еңбекқорлықта нарықтың құны бар, ал тапқырлық, елестету және әзіл сықақ ерекше бағаға ие, бірақ уәдеге адалдық пен принципке (түйсікке емес) негізделген мейірім ғана ішкі құндылыққа ие. Моральдық тәрбие және моральдық заңды (категориялық императивті) қатаң сақтау ол жаманшылықтан, залым табиғаттан арылудың жолы»-деп бұйыру императив заңдылығымен көрсетеді [2, 1246]. Канттың бұл ойымен адамдарды құрал ретінде емес, мақсат ретінде қабылдаудың «жолын» көрсетіп қана қоймай, моральға негізделген адамгершіліктің «жолы», жауапкершілікті сезіну арқылы келетінін айтып отыр.

Дәстүрлі қазақ философиясындағы «Жол» концепциясының этикалық өлшемін қарастырған, Шәкәрім Құдайбердіұлының ар ілімінің аксиологиялық тұрғыдағы талдауы адамды моральды жауапкершіліктің «жолын» өзінің «Үш анық» еңбегінде әуелі жаратушының ақиқаты, екінші ақыл мен сана ақиқаты, үшінші ар, аброй ұждан ақиқаты деп, моральдық реттеуші негізгі категория – ар ілімі деп жазады. [4, 346]

Жаратушы ғалам, табиғат, адамды жаратқан күшке ие бұл танымда адамға рухан «жол» ашылады, адамның жүрегімен келген құдайға құлшылығының абсолютті ақиқаты жайлы. Ал екінші жолдағы анық жанның мәңгілік ақиқаты жанның өлместік түсінігі әуелгі анықтан келген «жол». Үшінші анық адамды дұрыс «жолға» бастайтын аброй намыс, ұждан, ар ілімінің ақиқаты жайлы жазады. Ар ілімі алғашы екі аныққа да азық бола алады, себебі ойшыл сенімге сауаттылықпен келетін «жолды» көрсетіп қана қоймай адамзат баласының құндылығы жойылмайтын ар туралы ілім екі аныққа азық екенін айтып отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «ар ілімін» дамыта отырып, адам әрекетінің түпкі өлшемі ішкі жауапкершілік екені, адам өз ісіне тек қоғамдық заң алдында емес, ар-ұяты алдында жауапты екенін жазып отыр.

Бұл жауапкершілік арқылы келген адамгершіліктің «жолы». Қазақ дүниетанымында ар – моральдық сананың іргелі категориясы болып қана қоймай, тұлғаның ішкі нормативтік дұрыс «жолының» таңдауын ашатын ұғым екенін білдіреді. Ол сыртқы заңнан немесе қоғамдық бақылаудан тәуелсіз әрекет ететін ішкі өлшем ретінде қабылданады. «Ар-ұят», «ар сақтау», «ар алдында таза болу» сияқты қосалқы ұғымдардың бірге орын алуының өзі, ардың тек эмоциялық күй емес, онтологиялық-этикалық принцип екенін көрсетеді.

Қазақ философиясының дүниетанымында еркіндік жауапкершілікпен тығыз байланысты. Еркіндік – таңдау мүмкіндігі, ал ар – сол таңдаудың ішкі өлшемі. Егер адам тек сыртқы пайдаға сүйенсе, ол арлы субъект болудан қалады. Шәкәрімнің философиясында, нағыз еркіндік – ар талабына сай әрекет ету. Мұнда мораль гетерономды (сыртқы күшке бағынышты) емес, автономды сипатта. Бұл көзқарас этикалық теория тұрғысынан: деонтологиялық элементтерді (парыз, міндет), аксиологиялық негізді (құндылық) және экзистенциалдық жауапкершілікті тұтастандырып отыр.

Қазақ философиясындағы «жол» ұғымының этикалық-нормативтік мазмұнда кеңінен қолданғанының дәлелі «Ата жолы» – дәстүрлік-рухани тәртіп, «Жол-жоралғы» – мінез-құлық ережелері, «Ердің жолы» – намыс пен парыз өлшемі нормалар тек құқықтық институт емес, армен бекітілген моральдық келісім болды. Заң бұзған адам жазадан құтылуы мүмкін, бірақ «ар сотынан» құтыла алмайды деген түсінік кең жайылған. Сондықтан «жол» әлеуметтік тәртіптің көрінісі, моральдық өзін-өзі реттеу механизмі, тұлғалық жауапкершіліктің кеңістігі деп айтуға болады.

Дәстүр және нормативтік жүйе Қазақ қоғамындағы «жол-жоралғы», «жесір дауының жолы», «ердің құнының жолы» сияқты құқықтық-этикалық нормалар тұлғаның мінез-құлқын реттеген. Бұл жүйе жазылған заңнан гөрі моральдық жауапкершілікке сүйенген.

«Жол» мұнда: нормативтік тәртіп, әлеуметтік әділет өлшемі, қауымдық жауапкершілік формасы. Яғни жол – жеке еркіндікті шектейтін емес, оны моральдық мазмұнмен толықтыратын принцип.

Онтологиялық және этикалық өлшемдердің бірлігіне келсек, дәстүрлі қазақ философиясында болмыс пен мораль бір-бірінен бөлінбейді. Егер бұл мәселені салыстырып қарастырсақ, Онтологиялық өлшемдегі әлемдік үйлесім - этикалық өлшемдегі әділет, онтологиялық өлшемдегі адам болмысы - этикалық өлшемдегі ар, онтологиялық өлшемдегі еркіндік - этикалық өлшемдегі жауапкершілік, онтологиялық өлшемдегі рухани даму - этикалық өлшемдегі парыз, осы түсініктердің өлшемінде адамның болмыс «жолына» сәйкес өмір сүруі, болмыстың моральдық жауапкершілік «жолымен» таңдау жасауында ғана айқындалады. Адамның «дұрыс жолда» болуы – оның болмыстық шынайылығын айқындайды.

Бүгінгі таңдағы философиялық интерпретация түсінігінде, қазіргі қазақ философиясында «жол» концепциясы ұлттық бірегейлік, рухани жаңғыру және құндылық арқылы келетін бағыттармен байланысты түсініктермен қабылданады. Заманның даму жағдайында адам таңдау еркіндігіне ие болғанымен, моральдық жауапкершілік мәселесі күрделі мазмұнмен келеді. Дәстүрлі дүниетаным ұсынатын «жол» концептісі тұлғаның: рухани тұтастығын, тарихи жадын, құндылықтық тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Жол – тағдырға бағыныштылық емес, саналы әрекет. Адам болмысының шынайылығы оның қай жолды таңдағанына және сол жолда қаншалықты жауапты екеніне байланысты. Сондықтан «жол» ұғымы қазақ философиясында әрі метафизикалық, әрі моральдық категория ретінде кешенді мағынаға ие.

### Әдебиеттер тізімі

1. Антропидица: Монография / Б.Е. Колумбаев. – Караганда: Изд-во Кар-го нац.-исслед. ун-та им. акад. Е.А. Букетова, 2024. – 13с
2. Кант И. Сочинения в 6 томах, 4 – том. - М., 1963 -124с.
3. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы. 1995ж -73б.
4. Шәкәрім. Үш анық. Жалын. – Алматы. 1998.-34 -бет.

УДК: 1.159.9

## ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСТАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ӘСЕРІ

**Аменова Я.Р.**

философия және мәдениет теориясы кафедрасының студенті

**Байбосұнов Д.Б.**

философия және мәдениет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

*e-mail: amenovayasmina7@gmail.com*

Деструктивті ағымдар - біршама күрделі тақырып болып табылады, өйткені табынушылықты құрайтын нәрсе өте даулы және субъективті. Теріс ағымдық қауымдастықтар кейде деструктивті ағым мен діннің арасында кішкентай ғана шекара сыза алады. Кейбір табынушылық мүшелері өздерінің еркімен қатысатынын және бақытты өмір сүретінін талап етуі мүмкін, бұл консенсусты одан әрі қиындатады. Қазіргі қоғамда, әсіресе жастар арасында культтерге деген қызығушылықтың артуы үрей туғызуда. Бұл құбылыс жаңа болмаса да, діни-саяси ағымдардан бастап, сән үрдістеріне дейін өмірдің әртүрлі салаларына еніп, жаңа өлшемдер мен формаларға ие болып жатыр. Бұл мақалада дін, сондай-ақ психология тұрғысынан культтерді жан-жақты талдау, олардың жастарға тигізетін әсеріне баса назар аударылған.

«Деструктивті ағым» анықтамасынан бастасак, бұл тіркес мынадай мағынаға ие: «әдеттен тыс немесе типтік емес нанымдармен, сыртқы әлемнен оқшаулануымен және авторитарлық құрылыммен сипатталатын діни немесе квази діни топ. Деструктивті ағым мүшелері өте тығыз, жақсы ұйымдасқан, жасырын және бөтен адамдарға дұшпандық сезімін танытады». Және бұл этимологияда «культ» сөзінің ең алғашқы қолданылуымен қатар келеді. XVII ғасырдың басында құдайға құрмет көрсету әрекетін сипаттайтын жазбаларда пайда болған бұл сөз сол сәттен бастап термин ретінде әлдеқайда күрделі, қорқынышты және кең таралған нәрсеге айналды. «Культ» және «деструктивті ағым» терминдері, күрделі және дамып келе жатқан семантикалық тарихы бар болып табылады. Бастапқыда діни ғибадат жүйесін білдірген сөздер уақыт өте келе теріс мағыналарға ие болды, себебі XX ғасырдағы деструктивті культтермен байланысты қайғылы оқиғалар орын ала бастады [1].

Бүгінгі таңда бұл екі термин нақты діни немесе рухани нанымдармен, көшбасшыға тым таңданыспен, сондай-ақ заманауи үрдістер мен субмәдениеттермен сипатталатын әртүрлі топтарды сипаттау үшін қолданылады. Яғни, бұл екі термин бір-бірімен тек мағынасы бойынша ғана емес, барлық ұғым жағынан өте тығыз байланысты.

Көптеген деструктивті ұйымдардың ортақ белгілері бар:

Оларды әдетте топ мүшелері сөзсіз табынатын харизматикалық тұлға басқарады.

Ұйым мүшелері бірге өмір сүріп, өздерінің жеке қауымдастығын құрайды.

Тарихи талдау көрсеткендей, культтер көбінесе әлеуметтік сілкініс, саяси тұрақсыздық және экзистенциалдық дағдарыстар кезінде пайда болады. Мұндай уақытта адамдар жайлылық, қауіпсіздік пен өмірдің мәнін іздейді, ал культтер өз кезегінде соның барлығын қамтамасыз етуге уәде береді. «Таңдау тираниясы» және ақпараттың шамадан тыс жүктелуімен сипатталатын заманауи әлем оңай жауаптар мен тиесілілік сезімін ұсынатын культтердің таралуы үшін қолайлы жағдай жасайды. Және бұның бәрін деструктивті ұйым басшылары қолданып, өз ілімдерін тарата бастайды [2].

Деструктивті ағымдар жаңа адамдарды кез келген жерде кездестіріп, өздеріне тартады, оған: әлеуметтік медиа, пікірталас топтары, әлеуметтік клубтар, іс-шаралар және т.б. жатады. Бұл әдетте ешкімнің күдігін тудырмайтын, қауіп төндірмейтін, қоғамдық жағдайлар. Культ мүшелері әдетте әлсіз олжаны нысанаға алады. Ал әлсіз олжа дегеніміз көп жағдайда сезімтал адамдар болып келеді. Бұл - бақытсыз өмірлік жағдай сияқты бір нәрседен құтылудың және тиесілі болу, қабылдану, мағына табудың жолын іздейтін адамдар. Деструктивті ағымдар сол бойынша, арамыздағы осал адамдарды,